



№49 (10142)
5 шілде,
сенбі
2025 жыл

Жалағаш жаршысы



«zhalaqash-zharshysy.kz»
ақпараттық агенттігі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Елорда

Жасампаз қала – Астана

Астана – еліміздің бас қаласы, әлем таныған жас қала. Бас қаламызда ғылыми оқу, мәдени орталықтар, зәулім үйлер бой көтерген. Елорданың көркі күннен-күнге арта түсті, әлем елдеріне мақтанышпен көрсете алатындай ару қалаға айналды. Еңселі елорда, асқақтаған арман қала Астана жасампаз қала деген керемет теңеу сөздерді құрметпен, мақтанышпен айта аламыз. Есілдің бойында, Арқаның төсінде еркін орналасқан жасампаз қаланың жаңарған келбеті кез келген мейманды таңдандырмай қоймасы анық.



Астана – Тәуелсіздіктің тарихи таңбасы, жарқын болашақтың жол басы. Елорда – ізгі ниеттер мен игілікті істердің, келісім мен кемел ойдың қаласы. Аз уақыттың ішінде серпінді дамып келе жатқан қазақ мемлекетінің баршаға мойындалған елордасы – шын мәнінде ұлттық идея. Елорда – тәуелсіздігіміздің бойтұмары, қазақстандықтардың ортақ мақтанышы, бағыт-бағдарымызды айқындап беретін бағдаршамымыз, достық пен бейбітшіліктің мекені.

Аз уақыт өтсе де, ауыз толтырып айтарлықтай жетістіктеріміз аз емес. Әлем елдері тамсанып қарайтын ару қала күннен-күнге өркендеп, тек жақсылыққа қадам басып келеді. Қазақстан астанасы – Қазақстанның

саяси-әкімшілік орталығы, ұлттық бірлік пен тәуелсіздіктің символы. Қазақ елінің өз саясатын жүргізетін, өз даму үрдісін айқындаған, бәсекеге қабілетті ел ретінде танылуы – тәуелсіздіктің жемісі.

Елорда – мемлекеттік деңгейдегі шараларды өткізетін, халықаралық жиындарды қабылдайтын басты қаламыз. Көркемдігімен, күн санап құлпырып келе жатқан, өсемдігімен әлем назарын өзіне аудара білген елорда стратегиялардың жүзеге асатын, мемлекеттің қаншалықты дамығанынан көрініс беретін бірден-бір орын. Еліміздің абыройын асқақтатқан астанамыз бүгінде бұрынғыдан әлдеқайда өзгерген.

Жалғасы 2-бетте

Бәрекеелді!



«Таң LTD» үздік атанды

Соңғы жылдары үкімет отандық тауар өндірушілерді қолдауға басымдық беруде. Отандық тауар өндірушілер кәсіпорындарды технологиялық жаңғыртуға, өндірілетін тауар сапасын арттыруға, еңбек жағдайын жақсартуға, локализациялауды тереңдетуге көңіл бөлуде. Жүйелі жұмыстың нәтижесі бар. Нақтырақ айтсақ, қазақстандық тауар өндірушілерден сатып алынатын тауарлар тізбесі 3-4 есеге өскен.

Апта басында Қызылорда қаласында «Қазақстанның үздік тауары – 2025» көрме байқауы өтті. Оған облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, Мәжіліс депутаттары Мархабат Жайымбетов, Мұрат Әбенов, құқық қорғау органдарының бірінші басшылары, кәсіпкерлер қатысты. Аймақ басшысы конкурста қатысушыларды құттықтап, өңірдің өңдеу өнеркәсібі саласындағы жұмыстарға тоқталды.

Соңғы жылдары Қызылорда облысында өңдеу өнеркәсібі 18,2 пайызға артып, өңірлік өнімдегі шағын және орта бизнестің үлесі 21 пайыздан асты. Жылна 11 мыңнан астам жаңа жұмыс орны құрылуда. Бүгінде 65 мыңға жуық шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі жұмыс жасайды. Мұнда 121 мыңнан астам адам жұмыспен қамтылған. Кәсіпкерлерге қайтарымсыз гранттардан бастап, жеңілдетілген несиелер мен мемлекеттік субсидиялар беру арқылы инвестициялық, қаржылық, инфрақұрылымдық қолдау көрсетілуде. Биыл жеке кәсіпкерлікті қолдаудың барлық көзінен 30 млрд теңгеден астам қаржы қарастырылды. Мемлекет басшысы экономиканың нақты секторын кедергісіз несиелендіру мақсатында бизнес субъектілерінің қарыздарына көпшілік беру жүйесін енгізуді көздейтін заңнамалық актіге қол қойды. Бұл – кәсіпкер-

лерге үлкен қолдау. Енді бизнес өкілдерінің екінші деңгейдегі банктерге кепіл ұсыну мүмкіндігі болмаса, оған арнайы кепілдік қорының қаржыландыруы арқылы қол жеткізе алады. Баршаңызды алдағы уақытта да өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына аянабай еңбек етуге, мемлекеттік бағдарламаларға белсенді қатысуға шақырамыз. Аймақтық конкурстың жеңімпаздары республикалық байқауда үздіктер қатарынан көрініп, Сыр өңірінің мерейін үстем етеді деп сенеміз, – деді облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев.

Байқауға экономиканың түрлі саласынан 67 тауар өндіруші қатысты. Сарапшылардың бағалауы бойынша 9 жеңімпаз іріктеліп, марапат иелеріне ноутбук сыйға берілді. «Өндірістік мақсаттағы үздік тауарлар» номинациясы бойынша тыңайтқыш өндірісі саласындағы «Агрохим-сервис», цемент өндірісіндегі «Компания Гелуба Шиели Цемент» және шыны өнімдерін шығаратын «Орда Гласс ЛТД» серіктестіктері жеңімпаз атанды.

Ерекше айта кететін жайт, «Үздік азық-түлік тауарлары» номинациясы бойынша жалағаштық «Таң LTD» күріш өндіруші серіктестігі, «Асыл дән LTD», «Эль Баракат Дистрибушн» жартылай фабрика өндіруші серіктестігі марапатқа ие болды. «Халыққа арналған үздік тауар-

лар» номинациясын «Панабек», «Сыр жиназы KZ», «Арт-групп Сервис» серіктестіктері жеңіп алды.

Жалағаштағы Таң ауылын естімеген қызылордалық жоқ шығар. Егін де егіп, мал да бағатын бәрекеелі ауылдың жетістігі республикада жаңғырған. Басты дақыл – күрішпен қатар бақша дақылдарын да егетін ауылдың экономикалық әлеуеті мықты, кәсіпкерлік, құрылыс салалары дамыған.

«Таң LTD» күріш өндіруші серіктестігінің төрағасы, туған жерін түлеткен меценат, Қазақстанның Еңбек Ері Имамзада Шағыртаев ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосып, маңызды бастамаларды іске асырып келеді. Тұрғындарды тұрақты жұмыспен қамтып келе жатқан кәсіпкер азаматтарды тірікке жұмылдырып, ауылын аңарлаңдырып отыр. Елді мекендегі 120 орындық «Таң бөбегі» балабақшасы, спорт көшені, теп-тегіс жол, ауылға кіретін жол бойындағы жарықшамдар, ет өңдеу цехы – осы «Таң LTD» компаниясының тартуы.

Кәсіпорын ауыл тұрғындарын жұмыспен қамтып отыр. Қазір шаруа қоғалығы иелігінде күріш ақтау зауыты мен ет өңдеу цехы бар. Күріш ақтау зауыты 5-6 жыл бұрын іске қосылған, тәулігіне 100 тонна өнім өңдеуге қауқарлы, мұнда 15 адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Ал 2019 жылы ауылдық округке қарасты Жақоқының елді мекенінде «Агролидер Таң» ЖШС-ның ет өңдеу цехы ашылған. Кәсіпорын тәулігіне 0,5 тонна ет өндіріп, 15 түрлі (тұшпара, манти, қазы, әсіп, бір асым ет және т.б.) өнім шығарады.

ЖАРЫН

Аспап

Домбыра – қазақтың асыл қазынасы



Фото: ашық дереккөз

Ертеде құралайды көзге атқан бір аңшы жігіт болған деседі. Сол аңшы биік таудағы қалың қарағай арасындағы аңдарды аулап өмір сүреді. Сәті түсіп, бір маралды атып алып, ішек-қарнын түгелдей алып тастайды. Арада айлар өткенде әлгі жігіт «аң атуға ең ұрымтал жер осы еді ғой» деп баяғы теңбіл маралды атқан жерге келсе, құлағы ызындаған бір дауысты шалады. Бақса, сол кезде өзі атқан маралдың ішегін құзғын қарға іліп ұшқан болса көрек, қарағайдың бұтағына қос тін болып көріліп қалған ішекті көреді. Ызындаған дыбыс сол ішектен шығып тұрғанын аңғарады. Ол өзі бірде үйдеп, бірде сарнап, енді бірде сыңсып жылаған баладай аңшы жігітті саналуан күйге түсіреді. «Қой, мына қос ішекке тіл біткелі түр екен, бір амалын жасайын» деп үйіне алып келіп, ағашты ойып, соған қос ішекті тағады. Тартып көрсе, шынында қос ішекке тіл біткендей сұңқылдап қоя беріпті. Бұл үн жалғыз аңшы жігіттің ғана емес, тыңдаған жанның барлығын елітеді.

Жалпы домбыраның шығу тарихына қатысты бұл бір ғана нұсқасы. Әсілі тарихы 6 ғасыр ерде жатқан ұлттық аспаптың шығу тегіне қатысты түрлі деректер жетіп артылады. Қалай айтсақ та, түркі халықтарының ішінде домбыра қазақ өмірінде өз маңызын жоғалтпақ емес. Тіпті нағыз домбыра 2 үйір жылқыға бағаланған кездер де болған.

«Шыңғыстың үлкен ұлы саятшылыққа құмар болыпты» дейді. Құлан атуға шыққанда тағы жануардың айғыры шайнап өлтіреді. Енді тағы бір нұсқада аңға шыққан кезде Жошының астындағы аты құланмен будандасқан екен. Ол құландардың үйіріне қосылмақ болып алып қашады. Игермек болған Жошының қолы қарысып қалған. «Содан оң қолы жұпынып кетіпті» деген дерек бар.

Жошы хан туралы аңыздың желісін жалғасақ, ұлының мерт болғанын Шыңғыс ханның іші сезеді. Бірақ ауыр қайғыны мойындағысы келмейді. Қанағарлы қаған

ұлының өлімін кімде-кім естіртсе, көмеке-йіне қайнап тұрған қорғасын құюды бұйырады. Сол кезде ешкімнің жүрегі дауаламай тұрғанда домбырашы келіп «Ақсақ құлан» күйімен естіртеді. Жылап тыңдаған қанағарлы қаған «Құй мынаның көмейіне» деп бұйрық береді. Құйші жігіт орнынан ұшып тұрып «Дат тақсыр, мен емес, мына домбыра ғой сізге естірткен» дейді. «Олай болса, домбыраның шанағына құй қорғасынды» дейді қаған. Содан бері қазақ домбырасының шанағында тесік пайда болған дейді.

Бұл – Жошы қаған дәуірі. Нақтырақ айтсақ, оқиға 1220-1227 жылдары болса керек. Ал енді мына қызықты қараңыз, 2008 жылы Алтай тауынан домбыраның ең көне түрі табылған. V ғасырдың туындысына жататын көне домбыраның шанағында тесік жоқ екен. Иә, аңыз-әңсәналар – халықтың арман-қиялынан туған әдеби шығарма. Бірақ оның барлығын шынайы тарихқа еш қатысы жоқ десек, орынсыз

болар. Жоғарыда келтірілген деректер осы сөзімізді қуаттайды.

Бұрының шеберлер ұлттық аспапты көбінесе жеміс ағаштарынан, сондай-ақ найзағай түскен ағаштан және ұрғашы қарағайдан жасаған деседі. Ұрғашы қарағай – таудың теріскей қапталына қарап өскен беті. Онда бұтақ болмайды, шайыры аз болғандықтан дыбыс шығаруға бейім келеді екен.

XIX ғасырдың орта шегінде өмір сүрген Шоқан Уәлиханов «Келесі ғасырларда домбыраның үні биік шығады» деген екен. Көрегендік емей немене?! 2018 жылы белгіленген Ұлттық домбыра күні елімізде домбыраның үнін бұрынғыдан да асқақтатты. Расында бұл – қазақ жұртымен бірге жасасып келе жатқан аспап. Қадір ақынның «Нағыз қазақ – қазақ емес, нағыз қазақ – домбыра» деп ұлттық аспапты жырға қосуында да үлкен мән жатыр.

Жалғасы 2-бетте



Татулық пен берекенің ордасы

Аңыз бен ақиқаттың шындық шырайындай Асан қайғы бабамыздың желмаямен жаһанды кезіп, халқына күт мекен болатын жерұйықты іздеуінде жан тебіренерліктей сыр жатыр емес пе? Ұлытаудан басталар ұлы көшіміздің Кеңес дәуірі кезінде астана қазығын бірде Орынбор, бірде Қызылордаға қадап, одан жасыл желекті, түсті кілем Алматыға тұрақтауы Мәскеудің пәрменімен болған еді. Еліміз тәуелсіздігін алғаннан кейін ғана елорданың қай жерде болуын таңдау мүмкіндігіне өзіміз ие болдық. Осылайша бас қаламыз Қазақстанның орталығынан ойып тұрып орын алды. Ол – Астана қаласы.

Енді міне, жаңа астанамыз Астана шаһары екі ғасыр тоғысқанда жаңа мыңжылдықтың табалдырығында өшкен жанып, өлген тіріліп, кеткен есе түгенделіп, жығылған ту қайта желбіреп, жоғалған елдік оралып, құлаған орда қайта бой көтергеніне де себепкер болып отыр.

Ие, қала сұлулығы кімді болсын тамсандыратынына күмән жоқ. Өйткені кең жазира далада кесіліп жатқан кемел сұлулығымен, күміс көлдерімен Есіл, Нұра секілді қыз бұрымындай тарқатылған өзендерімен өзіне тартады. Сондықтан болар, Астана мен үшін және әр қазақ баласы үшін ерқашан салтанаттың қаласы, өркениеттің мекені бола бермек.

Қазіргі таңда астанамыз әлемдік, іскерлік байланыстың күре тамырына айналып отыр. Астанамыздың шаңырағы биікке көтеріліп, уығы нық қадалып, керегесі келісті жайылды деуге болады. Астана қазірдің өзінде азиялық мемлекеттердің арасындағы заманауи, ізденіс үстіндегі қалаға айналды. Астананың орасан қос құрлықтың өкпе тұсында орналасуы келешекте қаланың осынау ұлан ғайыр кеңістіктің қуатты желілері тоғысқан торабына, ХХІ ғасырдағы экономикалық, технологиялық, ақпараттар тасқынының арнасына айналатынына күмән жоқ.

Астана – ерекше архитектуралық үлгімен бой көтерген кемел қала. Қаланы қақ жарған Есіл өзенінің жағалауын

кезінде басқан қамыс бүгінде толықтай жойылып, бетон тақтайшалармен төселген. Есілдің мәрмәр жағалауынан зәулім ғимараттар бой көтеріп, қаланың орталық бөлігінде еуропалық үлгідегі шағын орамдар тұрғызылған.

Құрылыста озық технологияларды пайдалану, сондай-ақ қазіргі заманғы инфрақұрылым арқылы құрылысты қарқынды түрде дамыту мақсатында Есілдің сол жағалауына инвестиция тарту басты назарға алынған болатын. Сол себепті Астанадағы үкімет сарайлары, құрметті орындар, Экспо қалашығы мен қоғамдық ғимараттар аса көрнекті сәулеттік бейнеге ие болып келеді. Осындай ғажап, өзге қалалардан ерекшеленіп тұрған Астанамыздың

кескін-келбеті Париж, Лондон, Вена қаласының дәл өзінде жүргендей сезіндіретін қауқары бар. Парижге барғандар ең алдымен Эйфиль мунарасына барса, Астанаға келгендер биіктігі 97 метрге жететін «Астана-Бәйтерек» монументін іздейтін сияқты. Осының өзі әлем төрінен орын алатындай көрініс емес пе?! Бас алаң төрінде халқымыздың өміріндегі кемеңгер билігімен, әділ сөзімен, елінің басына ауыртпашылық түскенде шешендігімен, алғырлығымен еліне қорған болған, асқан беделге бөленген дана үш би – Әйтеке, Қазыбек, Төле бас қоса отырған сәулетті ескерткіш орналасқан. Көшелері де тап-тұйнақтай, қазақ даналарының есімімен аталады.

Елорданың өркендеуі – Қазақ елінің өркендеуінің белгісі. Ендеше бас қаланың іргетасының берік болуы да мемлекетіміздің болашаққа нық сеніммен жасар қадамының нағыз кепіліне айналмақ.

Жандос ЖАЗКЕН

Қазақ елінің айшықты астаналары

Қазақстан тарихында бірнеше астананың болғанын бірі білсе, бірі білмеуі бек мүмкін. Бүгінгі әңгімеміз осы қалалар жайында болмақ.

СЫҒАНАҚ

Сығанақ қаласының Қазақ хандығының астанасы қай кезде болғанын айту қиын, өйткені бұл туралы нақты деректер жоқ. Бәлкім XV ғасырдан XVII ғасырға дейін астана болған. Оның қалдықтары Сұнақ ата ауылынан солтүстікке қарай екі шақырым жерде орналасқан. Аталған ауыл Қызылорда-Шымкент тасжолында орналасқан. Қаланың атауы жазба деректерден және XIV ғасырда мұнда шығарылатын монеталардан белгілі болды. Сығанақ қаласы алғашқыда X ғасырдың деректерінде кездеседі, ал XI ғасырда Махмұд Қашқари оны оғыздардың қаласы деп атаған. Бұл қала қазақ хандығының алғашқы астанасы саналады.

ТҮРКІСТАН


Түркістан қаласы (Яссы) түркі тілдес халықтардың рухани әрі саяси орталығы ретінде белгілі болып, XVI ғасырдың аяғынан бастап XVII ғасырдың 30 жылдарына дейін Қазақ хандығының астанасы болған. Орта Сырдария Қазақ хандығына кіргеннен кейін Яссы қаласы Қазақ хандығының резиденциясына айналып кеткен, осы кезде ол ірі сауда мен қолөнер орталығы болып саналған.

ТАШКЕНТ

Қытайдан Еуропаға апаратын Ұлы Жібек Жолындағы ежелгі қалалардың бірі болған. Б. з. д. II ғасырда қалалық қоныс ретінде Ташкент туралы алғашқы мәліметтер шығыс дереккөздерде пайда болған. Қазақтар Ташкентті 1586 жылы жаулап алған, ал 1630 жылы осы қала Қазақ хандығының астанасы болып бекітілген. Шамамен жүз жыл бойы Қазақ хандығының ордасы болған. Есім хан Ташкент басшылығын жойып, Ферғана қаласын жаулап алғанда, бейбітшілік үшін Самарқанд, Бұқара қалаларынан бас тарттады. Ташкент астана мәртебесіне ие болғанда, мұнда жыл сайынғы мәслихат (заң шығаратын ең жоғары өкімет билігі) жиналысы өткен.

СЕМЕЙ

Семей қаласы – Алаш автономиясының астанасы (1917-1920 жж). Семей қаласының тарихы 1718 жылы бастал-



ған. Ол Петр I дәуірінде салынған. Осы кездегі шығыс жерлерді қорғау мен Ертіс маңындағы бекіністерді салу туралы Петр I Жарлығы шыққан. Одан кейін Семей бекінісі өзінің әскери-стратегиялық нысан ретіндегі қызметінен айырмай, сауда орталығына айналып кетті. Сауда орталығы ретінде ол Ресей мен Қазақстанды, Ресей мен Орта Азияны, Батыс Қытайды байланыстырды.

ОРЫНБОР

Орынбор қаласының негізі 1743 жылдың 19 сәуірінде қаланған. 1920 жылдың 26 тамызында Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитеті мен РКФСР Халық Комиссарлары Кеңесінің Қырғыз (Қазақ) АССР-ын құру туралы Декреті шықты. Орталығы Орынбор қаласы болып белгіленді. Бірақ 1925 жылы Қазақстан астанасы Сырдария өзенінің бойында орналасқан Ақмешіт қаласына көшірілген. Сондықтан оның атауы Қызылорда деп өзгертілген. Орынбор мен Орынбор облысы дербес губерния ретінде РСФСР құрамына кірді.



ҚЫЗЫЛОРДА

Ақмешіт бекінісін 1820 жылы Қоқан ханы Омархан салғызған. Бастапқыда ол қазақ даласындағы Қоқан хандығының форпосты ретінде болған. 1853 жылдың 28 шілдесінде оны В.А.Перовскийдің басқаруымен орыс әскерлері жаулап алып, Форт-Перовский деп өз атауын берген. Осы кезде бекіністі Якуп бектің басқаруымен коқандықтар қорғаған. 1917 жылдың 30 қазанында қалада Кеңес өкіметі орнады. Ал 1922 жылы қалаға оның бұрынғы атауы Ақмешіт қайта берілген болатын.

АЛМАТЫ

Алматы қаласы 1929-1998 жылдары Қазақстан астанасы болған. X-XIV ғғ. қазіргі Алматының орнында ортағасырлық Алматы қонысы болған. Кейін 1854 жылы орыс казактары Верный фортын салған. XIX ғасырда әскери бекіністі салу мақсатында мұнда казактар келген. Өңірдің сұлулығы мен қолайлы климаты оларды таңқалдырды. 1855 жылы Орталық Ресейден Верный қаласына алғашқы қоныстанушылар көшкен.



АСТАНА

Ақмола қаласының шексіз далаларында әртүрлі өркениеттер мен мәдениеттер тоғысқан. 1997-1998 жылдары республиканың астанасы қазақ даласының орталығы – Ақмола қаласына (қазіргі кезде Астана қаласы) көшірілген. Еліміз тәуелсіздік алған соң азат мемлекет ретінде қабылдаған тарихи шешімдердің ең негізгілерінің бірі астананы Арқа төсіне көшіру болғанын жаңа тарихты жазушылар да, әлемдік сарапшылар да елдеқашан мойындады.

Уақыт өткен сайын көз ілеспес жылдамдықпен дамып, жер жаһандағы әсем шаһарлардың қатарына қосылған елордамыз аз ғана уақыттың ішінде Қазақстанның басты брендін айналады. Еуразия кіндігіндегі жас қала алып құрылыстың, дәстүр мен жаңашылдықтың озық үлгілерін бойына жинады. Қазір бұл өңір әлемдік деңгейдегі басқосулар мен жиындар өтетін, адамзатқа ортақ мәселелердің шешімі тапқыланатын орталық саналады.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Жасампаз қала — Астана



Әлемнің түкпір-түкпірінен келген қонақтар елорданың бүгінгі келбетіне қарап таңданысын жасырмайды. Еліміздің көптеген шаралары бас қалада өтеді. Мемлекеттің айбарын көрсететін Қарулы күштердің салтанатты әскери парады, күллі қазақ палуандарының ішінен кім мықтыны анықтайтын «Қазақстан барысы» турнирі де байрағын бас қалада көтереді.

Арқаның төсінен бой көтерген әсем қала әлемдік деңгейдегі келісім-шарттар мекені іспетті. Саммит отырыстары, Азида ойындары, түрлі дін өкілдерінің бір жерде бас қосуы секілді шаралар Қазақстанның бейбітшілік пен татулықты ту еткен мемлекет екенін күллі әлемге айғақтады. Оның бер жағында Украина мәселесі, әлем елдері арасындағы шиеленіс, Таяу Шығыс жағдайы сынды әлемдік мәселелер осы қалада талқыланды. Елімізге келген туристер де, іс-сапармен жүрген шетелдік қонақтар да, жаһанға белгілі саясаткерлер де шырайлы шаһардың бүгінгі көрінісін, асқақтаған мерейін әрдайым жоғары бағалайды.

Астанада өзге жұрт қызыға да, қызғана да қарайтын көрікті орындар мен саябақтардың саналуан түрі бар. Сонымен қатар қаланың барлық аумағында қазақ хандары мен батырларына, ақын-жазушыларына, тарихи тұлғаларға арналып ескерткіштер орнатылған. Қазіргі таңда Алаш атауымен астасып кеткен бас қаламыз үлкен медициналық орталыққа айналды. Онда республикалық жедел жәрдем, кардиология, травматология, кардиохирургия, «Ана мен бала», «Балаларды оңалту» секілді үлкен базалы медициналық орталықтар бар. Әлемдік деңгейдегі білім стандартымен жұмыс жасайтын «Назарбаев» университеті, ел мақтанышына айналған Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, білікті медицина мамандарын тәрбиелейтін медицина академиясы, сол жағалауда орналасқан Қазақстан-Ресей университеті, бүгінде заңгерлердің оқу ордасына айналып үлгерген Қазақ гуманитарлық заң университеті, өнерпаз жандардың басын бір арнаға шоғырландырған Өнер академиясы сынды жоғары оқу орындары арман құып келген жастарды білім нәрімен сусындатады.

Тарихқа көз жүгіртсек, елорданы Алматыдан Ақмолаға ауыстыру туралы шешімді Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі 1994 жылы 6 шілдеде қабылдады. Астананы ресми көшіру 1997 жылы 10 желтоқсанда жүзеге асты. Кейін Ақмопаның атауы Астана болып өзгертілді. Жаңа астананың халықаралық тусәукесері 1998 жылы 10 маусымда өтті. 1999 жылы Астана ЮНЕСКО шешімімен «Әлем қаласы» атағын алды. Қазақстанның бас қаласы – 2000 жылдан бастап астаналар мен ірі қалалардың халықаралық ассамблеясының мүшесі.

Арқадағы қазақ елінің бас қаласы Астана – халқымыздың аласармас айбыны, асқақ абройы, мұқалмас рухы, азаттық аңсаған бабалардың орындаланған арманы. Астана – ғасырлар қойнауында құмығып жатқан көне де көмескі тарихты жаңғыртқан, құм астында қалған ежелгі қалалардың тамырынан нәр алып, бір кездегі суалған бәйтерегін қайта көктетіп, өркендеткен Қазақстан деген тәуелсіз мемлекеттің жаңа астанасы. Егемен елдің жаңа тынысы, Қазақстан тарихының ашылған жаңа парағы.

Ж.МАХМҰТҰЛЫ

Басы 1-бетте

Домбыра — қазақтың асыл қазынасы



Бала кезімізде барған үйіміздің төрінде домбыра ілініп тұратын. Қазір біріл-жарым болмаса, мұндай керемет көрініске куә болмағанымызға да біраз болыпты. Тіпті ауылдық жерде бұл аспапта ойнай алмаса да, қүйлердің мағынасын білетін қариялар болған. Бірде жас күйші нақышына келтіріп күйді орындап болғанда тыңдап отырғандар арасынан бір әжей «енді қайтсін» деген екен. Міне, бұл домбыра мен қазақтың арасында үлкен байланысты тағы да айғақтап тұр.

2018 жылы елімізде Ұлттық домбыра күні болып белгіленді. Біз бұл мерекенің маңызын түрлі шаралар өткізумен ғана түсіне алмаймыз. Арнайы бір мәртебе берілгеннен кейін ұлттық аспапты қорғауға да басымдық берген жөн. Керісінше осы мереке пайда болғалы ұлттық аспапты қорлауға негізделген көріністер қоғамда қаптады. Домбыра пішіндес ішімдік шығарды, ұлттық аспапта ойнап, оны көпшіліктің алдында жерге ұрып сындырды. Ақыр аяғы домбыраны ұшақта бірге алып жүруге шектеу қойды. Тіпті айтыскер ақындардың ішінде оны харам дейтіндер шықты. Дәстүрлі өмішлер мен айтыскер ақындар болмаса, осының біріне қоғам болып алаңдамдық.

Жалағашта жақсы бір дәстүр бар, кез келген мерекелік шарада міндетті түрде домбырамен кем дегенде бір күй яки ән орындалады. Сонда оған дейін міз бақпай отырған көрермен ұлттық аспаппен шыққан өнер өкіліне ерекше құрмет көрсетеді. Бұл тәжірибелер мен айтыскер ақындар болмаса, осының біріне қоғам болып алаңдамдық.

Жалпы ұлттық аспаптың тарихы әріде жатыр және ол қазақпен мәңгі жасай бермек. Ал оның маңызын кейінгі буынға насихаттауда бз атқарар шаруа көп. Бірінші кезекте мерекенің маңызын тек шара өткізумен шектелу деп түсінбеуіміз керек. Өйткені қоғамда оны қорлауға да жол бермеу жағын қарастырған дұрыс.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Басы 1-бетте

«Парасат» журналының парағы немесе бір әннің тарихы



Иә, менің шығармашылығым, бойымдағы бұйырып жатқан өнерім жаңа ғасыр кеплегеннен кейін ғана жарыққа шыға бастады. 2001 жылдың шілдесінде Мәмбет бабамның ұстаханасының жанына ескерткіш белгі орнатылды. Күннің аптап ыстығына қарамастан, дүкеннің басына қарақұрым халық көп жиналды. Ол бөлек әңгіме.

Айтайын дегенім, жеңешем (анамды солай атайтынмын) ертеңіне үйге келді. Екеуіміз біраз әңгімелестік. Бабамызға берілген астың артық-кем тұстарын өзімізше ой елегінен өткіздік. Кешегі жиыннан кейін әулиенің екі белме үйін жинастыруды айта келген екен. Жеңешем екеуіміз ертеңіне азанымен бабамыздың дүкеніне бардық. Самаурыңа шок салып қойдым да, үйдің ішін тазалауға кірісіп кеттім. Жерде шашылып жатқан газеттерді жинап жүріп, көзім төкеметтің үстінде жатқан журналдың екі парағына түсті. Еңкірейтіндей алғанымда, алдымен парақтың төменгі жағындағы суретті байқадым. Қасында бірнеше адамдар бар музейдің ішінде түскен сурет екен. Көзіме Камал өкем оттай басылды. Шынымен де, суреттің астында Бердәулетов Камал деген жазу бар екен. Әкеміздің суреті аққасты болмасын деп, алып бүктей бастағанымда «Жалағашқа жыр шашу» деген өлең тақырыбын оқыдым. Авторы Темірше Сарыбайұлы деп жазылған. «Біздің Жалағашқа арнаған өлең екен-ау»...

Тездетіп үйді жинастырып, еденін жуып сыртқа шықтым. Ақпана құдықтың жанындағы ағаш орындыққа отыра кетіп, әлгі журналдың екі парағын қайтадан қолыма алдым. Екі парақтан бауырсақтың иісі шығып тұр. Сіре, жеті күлше орап әкелген болуы керек. Оқи бастадым. Көудемнен күміс самал өлең есіп, Мен саған ансап жеттім кең бесік. Даңқынды алты Алашқа ардақтайтын Туынды көтеріңкі, төбемше шық... Осы бір шумағын мәнерлеп оқып, келесі шумаққа келгенде өзімнен өзім ақынның өлеңін белгісіз бір әуесмен айта бастадым. Бұл жаңа әннің қайырмасы болатын. Тіршілік жасап жүріп әлгі әнді қайта-қайта айтамын. Жеңешеммен сөйлесуден қалдым, есіп-дертім өлеңде. Сыртта жүріп, тұрған жерін ансап, сағынып жазған жыр екені көрініп-ақ тұр. Шілденің аяғы, тамыздың басы. Ми қайнаған ыстық уақыт. Ауылға кешкі сал-

қынмен қайтпасақ, асфальттің үстінде жаяу жүру өсте мүмкін емес. Күн бата бастады. Салқын ауа тынысымды ашқандай болды. Жеңешем екеуіміз жиналып, үйге бет алдық. Түзу жолға шыққан соң манағы өлең жазылған парақты қолыма тағы да алдым. Сөйтсем «Парасат» журналының екі парағы екен. Жеңешем әнді керемет айтатын, әдемі дауысы бар еді. Қалай дегенмен Кетенің қызы ғой.

— Мына ән ұнай ма, тыңдашы, — деп өлеңді әлгі әуенге салып айта бастадым. Үндемей тыңдап болып, «Бұл кімнің әні?» — деп сұрады.

— Менің әнім, жаңа ғана шығардым, — дедім.

Ол кісінің өлең жазып, ән шығаратыныннан хабары бар болатын, онша танданбады. Бірінші шумағы мен қайырмасын маған қосылып айтып, әп-сатте жаттап алды.

Жолдан жер! Басымды мем, жан анашыным, — деген жолдарын айтқанымда күліп, «жан анашым» деп арнап әндеттің бе, әлде өзіңнің шешенді өңге қостың ба? — деді. (Шешен деп отырғаны марқұм Нәти өкем болатын).

— Ту, жеңеше-ай, бұл ән өзің естігендей туған жерге арналып тұр ғой дегенімде, өкпелеген адамдай сынай танытып:

— Мені алдай салуды да білмейсің-ау. «Иә, жеңеше, бұл әнді саған арнап шығардым» десең, қуанғаннан жүрегім жарылып, екі көзім көріп кететін еді, — деп күлді.

Екі жанарының көрмей қалғанына жиырма жылдай болған, қайран анам көріпкел, көкірегі ояу жан еді-ау.

— Егер көзің көріп кететін болса, қуана бер, «Жалағашым» әнін өзіңе, өріне өкеме де арнадым, — деген болатыным.

— Әніңді де, жырыңды да өкеңе арнай бер. Марқұм бұл өмірден не қызық көрді, өрте кетті ғой. Бабасының басына салынған тамды да, аруақты құрметтеп ескерткіш белгі қойғанын да көре алмай арманда кетті. Екі жанарымды суалса да, осындай жақсылықтарға куә болдым ғой. Мен бақыттымын! — деді.

Үлкен жолдың үстінде біресе өткен-кеткенді айтып, біресе әлгі әнді айтып келе жатып, үйге де жетіп қалыппыз. Анам сол ұлым жолда «Бұл ән бабаның басында дүниеге келді, әнінің келешегі баянды болады» деп ақ тілегін айтқан болатын. Ұй аш демалыс зымырап өте шықты.

бұл кездейсоқтық емес.

Халық өнерді құрметтейді, бағалайды. Тек жүректен шыққан дүниелер жүрекке жетуі керек деп ойлаймын. Осы әннің сөзін жазған ақын ағамен танысып-білісу арманым болатын. Бірде ауданда үлкен жиналыс болып, «Алматыдан Темірше аға келді» деп естіп, сонда барып таныстым. Өте қарапайым адам екен. Сабырлы қалпымен «Ә-ә, сол қыз сөңсің бе?» деп жылы амандасты. «Естүім бар, бірақ сол әнді өзім тыңдап көргенім жоқ» деді.

Кейін ол кісінің Алматыдан елге кешіп келгенін естідім. Сол жылы ақын Темірше Сарыбаевтың 70 жылдығы облыста аталып өтті.

А.Тоқмағанбетов атындағы мәдениет үйінің көрермендер залы адамға лық толы. Кеш басталып кетіпті. Ақынның өлеңдері оқылып, балалық шағын бейнелеген көрініс түсірген екен, соны айналдырып көрсетіп тұрды. Кеш соңына таяп қалды, менің әнім орындалмайтынын байқадым.

Қасымда қаламгер әріптесім Роза Көшекбайқызы бар, сахна артында «Енді қалай болады екен?» деп абыржыңқырап тұр едім, сол арада Жұмабек Аққұлов ағайым келе қалды. Әкемді көргендей қуанып кеттім. Аман-саулық сұрасқан соң ол кісіге ойымды айтып едім, «жөн екен, осы жерде домбыра көп қой, дауысыңа келетін біреуін ал да сахнаға шығып өніңді айта бер, қызым» деді. Домбырашы жігіттерден дауысы әдемі шығатын бір домбыраны сұрап алып берді. Аяқ астынан сахнаға шықтым. Тілегімді айтып болып, домбыраның құлағын келтірдім де «Жалағашым» әнін бастап кеттім. Өріне, әнші емеспін. Дегенмен әнді орындап шығуыма тура келді. Көрермен жылы қабылдады. Сахнаның бір жақ шетінде отырған Темірше ағамызға құттықтауымды жеткізіп, құрметімді білдірдік. Көп ұзамай ол кісі өмірден озды. Сол әнді теледидардан да, радиодан да тыңдай алмапты. Менің орындауымда әлгі әнді марқұмның алғашқы және соңғы рет естігені сол екен. Бір кем дүние...

Осы «Жалағашым» әнінде бір тылсым құдірет жақандай көрінеді. Олай дейтінм, Темірше Сарыбаев өзінің «Қоңыр күзде туыппын» деген өлеңінде былай дейді:

Қоңыр күзде туыппын қарашада, Көргендерді тамсантып тамашаға. Сүйнішге айнала ат шаптырып, Келген елден босатты қара саба. Маған дейін он бесін жерге берген, Жүзі сынық жүріпті өзгелерден. Көңіл айта бергесін жыл құратпай Қаймығатын болыпты келген елден. Болады ғой атқа да небір себеп, Көз жасың да көреді төгілсе көп. Төксе салып кесе сап кіндігімді,

Өкем қойған бұл атты Темірше деп, — деп толғанған ақын өз тағдырынан хабардар етеді. Он бес баласын жер қойнына берген әкесі Сарыбай, он алтыншы ұлы болып дүниеге келген ұлының кіндігін ұстанып темір төсіне қойып кесіп, есімін Темірше деп атаудыңа үлкен мән барын байқап отырған шығарсыздар. Теміршесі аман қалып, өмірін қасиетті өнер жолына арнағаны қай-қайсымызға да ой салады.

Ұсталығымен елге әйгілі Мәмбет бабамның дүкенінің басында Темірше ақынның сөзі жазылған журналдың екі парағын тауып алып, оған менің ән шығаруым да кездейсоқтық болмаса керек. Бір кездері есімін елге айтуға да тыйым салған, небір қуытқыр замандардан өткен, ұзақ уақыттан кейін, жаңа ХХІ ғасырда тарих сахнасына шығып, халқымен қауышқан Мәмбет бабамның рухы оянып, халқымен қайта қауышқандай еді.

Айкүміс ОРЫНБАЕВА,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі

Сапар



Балалар демалысы бақылауда

Облыстық мәслихат депутаттары аудандағы «Ақтерек» сауықтыру лагерінің жұмысымен танысты.

Лагерь бір ауысымда 80 балаға дейін қабылдай алады. Қазіргі таңда лагерьде 5 ғимарат бар. Оның төртөуі жатын орын ретінде пайдаланылса, біреуі 80 орынға арналған асхана. Сондай-ақ ашық спорт алаңы, сыртқы бассейн және мәдени іс-шаралар өтетін арнайы алаң қарастырылған.

Жаңа маусымда 6 ауысымда 452 баланы қабылдау жоспарланып отыр. Оның ішінде 402 бала міндетті оқу қоры есебінен, ал 50 бала кәсіподақ есебінен демалады. Бір жолдаманың құны – 35 мың теңге, ал бір ауысым ұзақтығы – 10 күн.

Депутаттар лагерь ұжымымен, балалармен және тәрбиешілермен тілдесіп, материалдық-техникалық базасымен танысты. Лагерьдің қазіргі жағдайы мен жасалып жатқан жұмыстарға оң баға берілді.

Е.СОЗАҚБАЕВ

Конкурс

«Qazpost» АҚ ұйымдастырған «BOOM сыйлықтар» атты ауқымды науқанның негізгі кезеңі өз мәресіне жетті. Акция бірнеше ай бойы еліміздің түкпір-түкпірінде өткен болатын. Қатысушылар әр ай сайын кем дегенде 70 000 теңгеге сауда жасап, әр чектің сомасы 10 000 теңгеден кем болмауы тиіс деген шарттарды орындау арқылы ұтыс ойынына қатысу мүмкіндігіне ие болды.

«QAZPOST» СЫЙЛЫҒЫ СЫР ӨңІРІНДЕ

Науқанның басты шарты – үш кезеңнің әрқайсысында үзіліссіз қатысу. Нәтижесінде белсенділік танытқан қатысушылардың ішінен ең сәттісі таңдалып, негізгі ұтыс ойыны 16 маусым күні өткізілді.

Қуанышты жаңалық, науқанның бас жүлдесі – «Apple iPhone – 16» смартфонн Қызылорда облысы Жаңақорған ауданының тұрғыны, науқанның белсенді қатысушысы Сүлеймен Перизат жеңіп алды!

Жеңімпаз – «Qazpost» АҚ-ның қызметін үнемі қолданып, отбасылық қаражатын осы мекеме арқылы алып, қолма-қол қаржы қолданысын жасап жүрген тұрғын. Ол Жаңақорған ауданындағы «Жания» балабақшасында медицина қызметкері болып қызмет атқарады.

Жеңімпазды құттықтай отырып, «Qazpost» АҚ-ның науқан арқылы тұтынушылар белсенділігін арттыруға, отандық сауданың дамуына өз үлесін қосып келе жатқанына алғыс айтамыз. Перизаттың жеңісі – науқанға сеніммен қарап, талаптарды тиянақты орындаудың нақты нәтижесі.

Ұйымдастырушылар барлық қатысушыларға алғысын білдіріп, алдағы уақытта да «KAZPOST» компаниясы ұсынған қос бірдей тиімді науқанға қатысуға шақырды.

5 пайыздық кэшбэк – төлем жасағанның өзі пайдалы!

2025 жылдың 16 маусымы мен 31 тамызы аралығында «KAZPOST» тұтынушылары үшін тиімді ұсыныс іске қосылды. «Apple Pay» және «Google Pay» арқылы «KAZPOST VISA» картасымен төлем жасаған әрбір тұтынушыға 5% көлемінде кэшбэк қайтарылады.

Ай сайынғы ең жоғарғы кэшбэк сомасы – 10 000 теңге. Егер тұтыншы екі төлем жүйесін қатар қолданса, айына 20000 теңгеге дейін кэшбэк алуға мүмкіндік бар.

Бұл – тек заманауи және қауіпсіз төлем тәсілдерін қолданып қана қоймай, әр сатып алудан үнемдеуге таптырмас мүмкіндік.

«KAZPOST VISA» картасымен «СЫЙЛЫҚТАР ӘЛЕМІН АШ!» науқаны

2025 жылдың 15 маусымы мен 15 шілдесі аралығында «KAZPOST VISA» картасын қолданушылар үшін арнайы науқан жарияланды. Науқанға қатысу үшін «KAZPOST VISA» картасын иелену (науқан кезеңінде ашуға да болады), «Wildberries», «Lamoda.kz», «Ozon», «Temu», «Taobao» және өзге де маркетплейстерден онлайн сауда жасау және төлемді «KAZPOST VISA» картасы арқылы жүргізу жеткілікті.

Неғұрлым көп сауда жасасаңыз, ұтысқа түсу мүмкіндігі соғұрлым арта түспек. Науқанға тек тұтынушылар ғана қатыса алады (қызметкерлер қатыстырылмайды). Естеріңізге сала кетейік, Бас жүлде –«Dream X50 Ultra» робот-шаңсорғышы.

«KAZPOST VISA» картасымен сауда жасау қауіпсіз әрі тиімді. Смартфоныңыз арқылы төлем жасап, үнемдей отырып, бағалы сыйлықтардың иесі атанатын мүмкіндікті қалт жібермеңіз! Қатысыңыз, ұтыңыз, ұтып қана қоймай – ұмытылмас жазды есте қалдырыңыз!

«Qazpost-пен бірге «ЫСТЫҚ ЖАЗ!» науқаны басталды

2025 жылдың 1 шілдесінен 30 тамызына дейін «Қазпошта» акционерлік қоғамы тұтынушылары мен қызметкерлеріне арналған «Qazpost-пен бірге «ЫСТЫҚ ЖАЗ!» атты кең ауқымды жазғы акция басталды!

Акцияға «Қазпошта» АҚ кез келген төлем картасының иесі жеке тұлғалар қатыса алады. Бұл жолы қызметкерлерге де мүмкіндік беріліп отыр! Әрбір транзакцияның сомасы кемінде – 10 000 теңге, әр кезеңде жалпы төлем көлемі кемінде 100 000 теңге болуы тиіс.

БАҒАЛЫ СЫЙЛЫҚТЫҢ игері атауыға әрбіріңіздің мүмкіндігіңіз бар! Сондықтан баршаңызды белсенділік танытуға шақырамыз!

Қатысып қана қоймай, әріптестеріңізді де қолдап, ақпаратпен бөлісіп отырыңыз! Жүлделі науқан ыстық жаз секілді қыза түспек – «Qazpost-пен жаз шын мәнінде ЖАРҚЫН әрі ЫСТЫҚ!».

Аудандық пошта байланыс торабы

Дөңгелек үстел

Рақымшылық – жаңа өмірге жолдама

Қазақстан Республикасы Конституциясының отыз жылдығына орай рақымшылық жасау туралы заң қабылданды. Құжат Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтай отырысында берген тапсырмасын орындау мақсатында әзірленіп, қылмыстық саясатты ізгілендіруге бағытталған.

Занда азаматтар мен мемлекеттің қауіпсіздігіне елеулі қатер төндірмейтін қылмыстар үшін сотталғандарды босату ұсынылған. Рақымшылыққа қылмыстық құқық бұзушылықтар, онша ауыр емес қылмыстар, залал келтірілмеген немесе залал толық өтелген орташа ауырлықтағы қылмыстар жатады. Сонымен қатар азаматтардың әлеуметтік осал санаттарын көмелетке толмағандарды, көмелет жасына жетпеген балалары бар әйелдерді, сондай-ақ жүкті әйелдерді, мүгедектерді және оларға теңестірілген адамдарды, зейнеткерлерге рақымшылық беруді қарастырған.

Айта кетейік, алдын ала есептеулерге сәйкес рақымшылық жасауға бас бостандығынан айыру орындарында отырған 6 мың сотталған және пробация қызметінің есебінде тұрған 9 мың адам, яғни 40 мың адамның 15 мыңы рақымшылыққа ілігеді. Мәжіліс депутаты, заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің мүшесі Абзал Құспанның айтуынша, қазір қылмыстық-атқару жүйесінің 63 мекемесінде және 16 тергеу изоляторында 40 мыңнан астам адам отыр. Олардың ішінде 33



мыңы сотталған және 7 мыңы тергеу қамауындағы адам.

Бұдан бөлек бас бостандығынан айырумен байланысты емес жазаларға сотталған 27 мыңнан астам адам пробация қызметінің есебінде тұр. Рақымшылық жасау туралы заң жобасы 833 әйелге де қатысты. Оның ішінде 109-ы босатылады, ал 724 әйелдің мерзімі қысқартылады, 2704-і рақымшылыққа ілікпейді.

Қостанай облысында рақымшылыққа іліккен сотталғандардың алғашқысы

бостандыққа шықты. ІІМ Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің мәліметінше, өңірдегі колонияларда барлығы шамамен 2000 адам жазасын өтеп жатса, олардың ішінде 300-і рақымшылыққа іліккен. 2 шілдеде олардың алғашқысы бостандыққа шықты. Рақымшылықпен бостандыққа шыққандарға жаңа өмірге бейімделу үшін қажет қолдау көрсетілді. Оларды жұмысқа орналастыруға, әлеуметтік байланыстарын қалпына келтіруге және қажет құжаттарды алуға көмек берілді.

Аудандық сотта прокуратураның, Ішкі істер бөлімінің, пробациялық бақылау бөлімінің және БАҚ өкілдерінің қатысуымен «Рақымшылық жасау туралы» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Сот төрағасы Асылхан Мизанбаев өз сөзінде «Рақымшылық жасау туралы» Заңның қолдану өзектілігі мен маңыздылығына тоқталды. Дөңгелек үстел барысында қатысушылар өзара пікір алмасып, бірлесе жауапкершілікпен жұмыс жасау қажеттігін айтты.

Сезім НҰР

Нұрғиса Тілендиев – 100 жыл

1985 жылдың қарашасында халқымыздың мақтанышына айналған дарынды сазгер Нұрғиса Тілендиевтің ұйымдастыруымен өмірге келген «Отырар сазы» ұлттық музыкалық-фольклорлық оркестрі Кеңес Одағының астанасы Мәскеудің Кремль сарайында концерт беріп, алып империяның зиялы және өнерсүйгіш қауымын қазақтың тамыры тереңде жатқан сазгерлік этноөнерімен таңғалдырған болатын. Оркестр ұжымының өнердегі қол жеткен табыстары әділ бағаланып, одақтық деңгейде мемлекеттік сыйлыққа ие болып, оркестрдің көркемдік жетекшісі әрі дирижері, сазгер Н.Тілендиев КСРО Халық артисі атағын алған еді. Оркестрдің қол жеткізген табыстары республика халқын да зор қуанышқа бөледі.

Жоғары жақтың тапсырмасы бойынша Мәскеуден табысты оралған Нұрғиса бастаған оркестр облысымыздың аудандары мен ауылдарына концерт беріп, көрерменмен кездесу шараларын өткізіп жатты. Сол қараша айының соңғы қы-тымыр суық күндері осындай кезек біздің ауданға да келді.

Дарияның арғы бетіндегі ауылдық мәдениет үйлері осы заманның өмір талабына сай салынған 2-3 кеңшардың партком хатшыларын аудандық партия комитетінің идеология жөніндегі хатшысы өзіне шақырып, Мәскеуден табысты оралып келе жатқан оркестр мен оның жетекшісі, КСРО Халық артисі Н.Тілендиевке құрмет көрсетіп, концерт жоғары дәрежеде ұйымдастырып, құрамында 45 музыканты, жиырманьың үстінде қосымша қызметкері бар, барлығы жетпіске жуық кісіге қонақасы беруді қатты тапсырды.

Күзгі күріш жинау науқаны аяқталғаннан кейін сол көздің жазылмаған қағидасына сәйкес, ауданның бірінші басшылары кезекті еңбек демалысына кетіп, кеңшар директоры да тынығуға кететін. Тығыз және жауапты мәдени шараны ауданда жоғары деңгейде өткізу ауданның екінші, үшінші дәрежесінде қалған басшылары мен кеңшарлардың партком хатшыларының еншісіне тиді.

«Отырар сазы» оркестрінің ауданға келген кезде қысқы жылу жүйесі мәдениет және қонақ үйлерге толық берілмей, бірі суық, екіншісі салқын болып, Нұрғиса



Нұрғиса келгенде

бастаған өнер шеберлерінің арасында қобалжу болғанын естіді. Тығырықтан шығу үшін аудан басшылығы оркестрді тездетіп кеңшарларға жіберуге ұйғарым жасады. Оларды бірінші қабылдаумен қызмет атқаратын Аққұм кеңшарына міндеттелді.

Тапсырма бойынша мен өз үйіме Нұрисаны, қасындағы Мая Қазтұрғанова және 2 әртісті қабылдап, концертін өткізуді ұйымдастыру міндетін алдым. Экономиканың үнем саясатын берік ұстаған социалистік шаруашылықта мұндай мәдени жоспарланбаған шараларды өткізуге қаржы қаралмайтын. Кеңшар директоры ауылда жоқ болатын. Сондықтан «халқы бардын, не қамы бар» дегендей, КСРО Халық әртісі Мемлекеттік сыйлықтың иегері, атақты «Отырар сазы» оркестрін қарсы алып, құрмет көрсетудегі кеңшардың активтері мен өндіріс жетекшілері, қазір арамызда жоқ ағалар Сақтағанов Раушанбек, Алпысбаев Төлеген, Мұста-таялов Исахаң ауыл ақсақалдары Райымбеков Қойшыбай, Байжанов Қа-зыбек, Асанов Әбдірейлер белсенді болды. «Қысылғанда қымыран ірілді» дегендей, даңғарадай бұрын кеңшар ди-ректоры отырған шаруашылықтың ор-талық жылу қазандығынан жылытатын үйде жылу нашар болатын. Дерев көптен бері жылымаған залдың «контрамарка» пешін жағуға кірістік. Пештің сыры мен лак бояуы қызып, иістеніп, қолқаны қапты. Не керек, концерт ертеңге қалды.

Ертеңіне Нұрғиса Тілендиев қасын-да аудандық кеңес атқару комитеті төрағасының орынбасары Т.Аштанбаева, аудандық мәдениет бөлімінің меңгерушісі К.Бердаулетов, аудандық партия комитетінің үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі А.Шілдебаевтар оркестрді алып, ауылға келді. Ауылдық мәдениет үйі көрермендерге лық толды. Көршілес Тереңезек ауданының «Йльич» кеңша-рынан да көрермендер көп келді.

Нұрғисаны мәдениет үйінің алдын-да ауылдың 2-3 ақсақалымен күтіп ал-дым, салқын амандасты, бір нәрсеге өкпелі сияқты болып көрінді. Қасындағы ауданның азаматтары менің аты-жөнімді атап, кеңшардың партия комитетінің хатшысы деп таныстыра бастады.

Сол кезде сазгер: – «Директор қай-да?» – деп жұлып алғандай, сурақтың астына алды.

Мен кеңшар директорының еңбек демалысында жүргенін айтқанымда «Бұл ауданның барлығы да түгелдей демалысқа шыққан ба?» деп қойып қалды. Біз ыңғайсыз жағдайда қалдық.

Мен де есімді тез жиып «Нүреке, Отанымыздың астанасы Мәскеуден жүл-дызыңыз жаңып, КСРО Халық артисі атағын алып, Мемлекеттік сыйлықтың иегері болғаныңыз құтты болсын! Ал-ғашқы сапарыңызды ақ күріштің отаны Сыр бойынан бастағаныңызды жақ-сылыққа жоримыз. Басшылар орын-дарында болмағанмен, сіздерді сүйіп тыңдайтын халқың пен көрермен өз

орнында, сіздерді асыға күтуде, қош кел-діңіздер!» дедім.

Келгеннен бері өз-өзіне сыймай тұр-ған атақты сазгер маған байыппен кө-зін салып өтіп «ал бастайық» деп мә-дениет үйіне өңдік. Халық орнынан тұрып, қошеметтей қол соғып, қарсы алды.

Нүрекен бұлай болады деп ойлама-ған болар, көрерменнің құрметіне риза болып, қолын көтеріп тоқтастып, ор-кестрдің құрылу тарихын, өзінің Мәс-кеудегі сапарынан қысқаша хабарлама жасап, концертті бастап өккетті. Өзі де беріліп, бірнеше күйін орындады.

Концерт соңында ауылдың көре-рмендері атынан мен Нұриса мен ор-кестрдің ұжымына ризашылығымды білдіріп, шығармашылық еңбектеріне табыс тілеп, иығына шапан жаптым.

Кеңшардың типтік жобадары асхана-сында оркестр мүшелерімен Нүрекен аудан азаматарының қатысуымен қо-нақасы бердік. Дастарқан үстінде сазгер өте көңілді, бірнеше өзінің сүйікті күйін орындады. Мая Қазтұрғанова да бірнеше әнін шырақды.

Кездесудің «басы қатты болғанмен, арты тәтті» болып, атақты сазгермен қимай қоштасқан едік. Ол күндер де қазір бір тарих емес пе?

**Рысбай ҚӘРІМОВ,
Қазақстан Журналисттер
одағының мүшесі**

Маман мерейі



Домбырашы Жасұлан

Жасұлан Көпжасаровтың аудандық Қонысбек Қазантаев атындағы мәдениет үйінде еңбек етіп келе жатқанына биыл – 10 жыл. Салаға серпін берген білікті маман 9 жасынан бастап домбыра аспабына қызығушылық танытқан. Содан бері домбыраны жанына серік еткен кейіпкеріміз 30-ға жуық күйді жетік меңгеріп, жас ұрпаққа дәріптеп келеді.

Жасұланның нағашы атасы Төлеген Ембергенов – Ақсу ауы-лынан шыққан күйші. Осы өнер саласын тандауына атасынан дарыған таланты мен ерте жастан ойнаған қызығушылығы себеп болған. Ол мектеп қабырғасында жүріп «Өнер» мектебіндегі домбыра үйірмесіне қатысып, қыр-сырын толық үйренген.

Жасұлан – қазіргі таңда аудандық мәдениет үйіндегі «Арай үгіт» тобының сүйемелдеушісі. Қонысбек Қазантаев атындағы мәдениет үйі жанынан 2017 жылы «Жігер» этно-фольклорлық ансамблі құрылған. Ансамблді құрып алғаш жетекшілік жасаған облысымызға танымал күйші, сазгер, хормейстер Руслан Бу-рабай. Ал қазіргі таңда бұл ансамбльге кейіпкеріміз Жасұлан Көпжасаров жетекшілік етеді. Қазақтың домбыра, жетіген, шаңқобыз, даңғыра, шылдырмақ, сазсырнай, қыл қобыз, сы-бызғы, тай түнж, асатаяқ сынды ұлттық аспаптарында ойнайтын өнерлі жастардан құралған ансамбль, облыс, аудан көлемінде өткізіліп жатқан түрлі мәдени шараларда өнер көрсетіп келеді.

Республикалық, облыстық байқауларда топ жарып жүрген ансамбльдің шығармашылық қоржынында Құрманғазының «Балбырауын», «Адай», Дәулеткерейдің «Түркімен», Ықылас Дүкенұлының «Жезкіш», Шалмырзаның «Мерек», Жалды-байдың «Қара жорға», Құрбанионның «Навой Шарк», Н.Ті-лендиевтің «Әлқисса», А.Қоразбаевтың «Түркістан», Ә.Жел-дібаевтың «Ерке сылқым», М.Бердіғұловтың «Шахристан», Ш.Қорғанбектің «Батыр Бауыржан», Р.Бұрабайдың «Шабат», «Аманат» және қырғыз халқының «Машбатой» күйлері мен Р.Бұрабайдың «Таразым», жергілікті сазгер А.Орынбаеваның «Жалағашым», халық әні «Жетіарал, жерім-ай» Т.Қалауовтың «Қызылорда валсы» сынды өндер бар.

Айта кетейік, кейіпкеріміздің өз шығармашылығынан туындаған күйлері де жоқ емес. Соның бірі – «Қамыс қала – Қызылорда» күйі. Бұл күй Қызылорда қаласының астана болғанына 100 жыл толуына арналған.

– Иә, жақында ғана Қызылордамыздың астана болғанына 100 жыл толуына орай облыс орталығында алғаш рет «Тарихтың таңбасы, рухтың ордасы – Қызылордам» атты өнер байқауы өтті. Аудан өнерпаздары арасында өткізіліп жатқан байқауға ерекше өнер ұсыну көптен бері ойымда еді. Концерттің дайындығына келсем, «Халық» театры прологақ дайындалып жатыр екен. Пролог қаламыздың алғашқы атауын Қамыс қала болғанынан бастап бүгінгі Қызылордаға дейін әртүрлі атауға ие болып, түрлі тарихты баяндайды. Қамыс қала, Ақмешіт, Перовск, қайтадан Ақмешіт атанып одан Қызылорда атануы үлкен бір тарих. Осы оқиғалар желісі маған терең ой салып, күйдің туындауына себепші болды, – дейді кейіпкеріміз.

Осылайша Қызылорда аспанын аудан өнерпаздары әнге бөлеген мерекелік шарда күйдің алғаш тұсуын көсіліп, көпшіліктің оң бағасын иеленді. Нәтижесінде аудан аралық өнер байқауының қорытынды кеші мен домбыра күніне орай өткізілген мерекелік концертте «Жігер» этно-фольклорлық ан-самблі үздік өнер көрсеткені үшін Қызылорда қаласы әкімінің алғыс хатын иеленген.

Кейіпкеріміз алдағы уақытта да ұлттық өнерді ұлықтап, атадан қалған асыл мұраны дәріптеп, сахна төрінде күйдің күмбір үнін шарықтата бермек.

Ақтоты ЕРЖАНҚЫЗЫ

Мұра

Ұлт рухын тербеткен кеш



«Руханият» орталығының алаңында ұлттық мұрамызды дәріптеп, жас буынның өнерге, ұлттық аспапқа деген сүйіспеншілігін арттыру мақсатында ерекше рухани шара өтті. Кештің мақсаты – қазақтың төл аспабы – домбыраны насихаттау, ұлттық өнерді жаңғырту, жастардың рухани-мәдени танымын кеңейту, сондай-ақ ұлттың ұлы мұрасы арқылы елдік рухты арттыру.

Аудан әкімдігінің қолдауымен, аудан-дық мәдениет және өнерді дамыту ор-талығы мен жастар ресурстық орта-лығының ұйымдастыруымен өткен «Домбыра party» кеші көпшіліктің көңілі-нен шығып, елдің рухын көтерген кешке айналды.

– Мереке қазақ музыкасын сақтау мен насихаттауға ғана емес, өскелең ұр-пақтың мәдени мұрасына деген құрметті тәрбиелеуге де қызмет етеді. Домбыра – халықтың бүкіл тарихын, қуанышы мен мұңын, ерлігі мен еркіндігін қамтитын киелі аспап. Демек домбыраны ұлттық бренд қана емес, ұлттық болмыс деп нық сеніммен айта аламыз. Халқымыздың қасиетті ұлттық аспабы – домбыра тө-рімізден түспесін! Әр шаңырақтан өң-күй үзілмесін! Ұлттық домбыра күні құтты болсын! – деді аудандық жастар ресурстық орталығының директоры Әбзәлі Төлеутай.

Рухани кешке аудан тұрғындары, қонақтар, ардагерлер, жас өнерпаздар мен домбыра сүйер қауым жиналды. Кеш барысында қатысушылар домбыра-ның күмбірлеген үнімен халық күйлерін, халық және заманауи өндерді нақышына келтіре орындап, көрермендерге ерекше рухани әсер сыйлады.

– Домбыра – тарихи санамызды жаң-ғыртуға жол ашатын, ата тарихымызды, халқымыздың ғасырлар бойғы санқырлы тағдырын баяндайтын, өткені мен бүгінін үндестіретін қайталанбас құндылығы. Домбыра – бүгінгі жас ұрпақты мейі-рімділік пен парасаттылыққа, адалдық пен Отансүйгіштікке, қайсар намыс пен қайырымдылыққа баулитын киелі аспап. Домбыра «Қазақ» деген сөздің синонимі

десем, артық айтқаным емес. Өйткені ол – ұлт деген ұғымның мазмұнын ашатын мәнге ие. Себебі халқымыздың арман-мұраты, ұлттық тәлім-тәрбиесі, мәдениеті, болмысы осы қасиетті ас-пап арқылы көрініс табады. Бүгінгі кеш ұнады. Жастарға рақмет, осындай іс-шараны ұйымдастырып, ұлттық құнды-лығымызды дәріптеуге зор үлес қосуда. Домбыра күні құтты болсын – деді аудан тұрғыны, зейнеткер ұстаз Мейрамкүл Тұңғышмұратова.

Киелі домбыра ұлықталған кеште кез келген домбыра тартқысы келген көрер-

мен сахнаға шығып, өз өнерін ортаға салып, ұлттық музыка өуенін бірге то-ғады. Бұл өз кезегінде жастардың дом-быраға деген қызығушылығын оятып, қазақ өнерінің өміршеңдігін тағы бір дәлелдеді.

Кеш соңында ұйымдастырушылар тақырып аясында сурақтар қойып, белсенді қонақтарға кәдесыйлар та-быстады. Кеш нүктесін «Дәуімбай» құ-рамасы қойып, әдемі әзілімен қорытын-дылады. Көпшілік көтеріңкі көңіл күймен тарқасты.

Ж.МАХМҰТҰЛЫ



Газетіміздің келесі саны 9 шілде, сәрсенбі күні шығады

Меншік иесі:



**жауапкершілігі
шектелуі серіктестігі**

**Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ**

**Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы**

**Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ**

**Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары,
жауапты хатшы,
бөлімдер - 31-5-75**

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г күйлігі берілген.
“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті КР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифициталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.

Жеке авторлардың пікірі редакцияның

түпкілікті көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2642 Тапсырыс №1120

Кезекші редактор: Жандос ЖАЗКЕН

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru